

Тілдабай Нұрсәуле

# ЖЕЗТЫРНАК

*Әңгіме*



Астана-кітап

ӘӘЖ 821.512.122-93  
ББК 84 (5Қаз)  
Т93

Авторы Нұрсәуле Тілдабай

**Н.Тілдабай**

**Жезтырнақ:** Әңгіме / Н.Тілдабай, : - Алматы: Астана-кітап,  
2024. - 80б.

**ISBN 978-601-80908-0-6**

Сүйрік бейғам балалық шағында асқан қатігездікке душар болды. Оның бар жазығы – әкесінің адам баласы екендігі еді. Адамдар әлеміне аяқ басқан Сүйрік ендігі Ұр тауына ешқашан оралмаймын деп шешеді. Алайда тағдыр айдап, ол жаққа қайта оралды. Бұл жолы жезтырнақтарды құтқару үшін келіп еді.

ӘӘЖ 373 (072)  
КБЖ 74.268.3

ISBN 978-601-80908-0-6

©Астана-кітап, 2024

– Тұр! Тұр! Келдік! – деп Жақып Нұрханды оятты.

– А-а?! Қайда келдік? Сағат неше болды? – деді Нұрхан көлік терезесінен айналаға ұйқылы-ояу көз салып.

– “Күн батар кезде ұйықтама. Жындар алқымыңнан алады” деп өзің айтушы ең. Енді түріңді қара, жын ұрғандай болып тұрсың ғой, – деді Жақып жымыып. – Екі сағаттай ұйықтадың. Біз орманға келдік.

Нұрхан көзін уқалап қойып, бірдеңесін жоғалтқан адамдай орманға барлай қарап отыр. Екеуі көліктен түсіп, айналаға көз салды.

– Неткен табиғат! Біз қайдамыз өзі? Мынау шынымен біздің ел ме, әлде жұмақ па? – деп Нұрхан таңданысын жасыра алмады.


– Тозақ, бауырым! Бұл жер – тозақ!

– Егер тозақ деген осы болса, мұнда мәңгі қалуға дайынмын.

– Тозақ сонысымен тозақ қой. Сырты көздің жауын алады. Өзіне тартып тұрады. Ал ішіне кірсең, жаныңды шығарып, өзіңді қоярға жер таппайсың! – деді Жақып ойға шомып.

– Бәрін біледі екенсің. Тозаққа не үшін өз аяғыңмен келе жатырсың?

– Бұл жерге тозақты біз әкелеміз, бауырым! Өзіміз от тасымасақ, қайдан тозақ болсын?! Бұл мекеннің тұрғындары үшін тозаққа айналса, біздің жаннат осы болмақ! – деп ойын тамамдады.





## I ТАРАУ

Бірнеше күн бұрын...

Шуағын шашып таң атты. Далада сандуғаштар сайрап, еліктің лақтары тебісіп ойнап жүр. Гүлге қонған көбелек пен қамыстың арасына тығылған шырылдауық шегірткені көргенде құдды бір ертегілер әлемінде жүргендей боласың.

– Ертегі. Бұл менің үйім ғой, менің сүйікті Ұр тауым! – сандырақтап Сүйрік ұйқысынан оянды. Көрген түсін қимай, көзін әрең ашты. Терезенің бетін торлаған қырауға қарады да, оянып кеткеніне өкініп қалды. Көрпесіне тығыла түсіп, Ұр тауын есіне алып біраз жатты.

Сүйріктің жасы он жетіде. Он бірінші сынып оқушысы. Жалғыз өмір сүреді. Тыныштықты қаншалықты жақсы көрсе, адамдарды соншалықты жақтырмайды. Көзі мұздай суық, қабағы қардай қалың. Ұзын, қою шашы желбіресе, мойныңды орап, алған жыланмен арпалысып жатқандай күй кешер едің.

Ешкімді дос көрмейтін, ешкімге сырын ашпайтын Сүйрік адамзатқа еш мұқтаж емес. “Адамның күні адаммен” дейтіндерге күлкісі келеді. Бәлкім, адамдар-